


Психиатрлық аңгімелесудің мақсаты.  
Соматикалық аурулардағы дәрігер-  
психиатрдың консультациясына көрсеткіш.  
МКБ-10. Экспериментальді және  
инструментальді диагностикалық әдістер.

1 сабақ ЖТД студенттері 6 курсқа арналған




- ПСИХОСОМАТИКАЛЫҚ МЕДИЦИНА – МЕДИЦИНАНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК БАҒЫТЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ, СОМАТИКАЛЫҚ АУРУЛАРДЫҢ ЭТИОЛОГИЯСЫ, ПАТОГЕНЕЗИ ЖӘНЕ ДИНАМИКАСЫН ЗЕРТТЕУДЕ ПСИХОСОЦИАЛЬДІ ФАКТОРЛАРДЫҢ РОЛІНАНЫҚТАУ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ ЖӘНЕ АЛҒАН БІЛІМДІ ПРОФИЛАКТИКАСЫ МЕН ЕМІН ҚОЛДАНУ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ..

- Дәлірек айтсақ, психосоматикалық медицинада науқасты биопсихосоциальді тұрғыдан қарастырып, қалыпты және патологиялық жағдайда психикалық және соматикалық жағдайының ара қатынасын ескеру.




Психосоматикалық тұрғыдан зерттегенде: соматикалық аурудың дамуына жедел және созылмалы эмоциональді стресстің маңызын білу керек, тұлғалық ерекшеліктерін және жанұядағы қарым-қатынас ерекшеліктерін ескеру қажет, эмоциональді жағдайлардың ауру ағымына қалай әсер ететінін, сырқатқа деген көзқарасын және медициналық тағайындауларды толық, адал қабылдаса терапевтік жақсы нәтижеге жетуге болады.




Психосоматикалық бұзылыстардың пайда болуына психикалық факторлардың маңызы зор:мысалы, ауыр психикалық жарақаттан соң қант диабеті дамуы мүмкін немесе ұзаққа созылған жанжал асқазан жарасына, бронх демікпесіне, нейродермитке және т.б соматикалық ауруларға әкеледі.

Кейбір психикалық аурулар айқын вегетативті симптоматикамен байқалады, сондықтан ағза ауруымен салыстырмалы диагноз жасауға тура келеді. Мұндай соматоформды бұзылыстарға: маскатәрізді депрессия, невроздар, эпилепсия кезіндегі вегетативті талма ауруын жатқызуға болады.



Психикалық және соматикалық байланысты соматопсихикалық аспект нәтижесінде зерттегенде психикалық бұзылыс соматикалық аурудың нейротоксикалық эффектісі есебінен дамитыны назар аудартады. ; аурудың науқас психикасындағы орны, (аурудың ішкі суретінің түзілу механизмі); тұлғаның түзілу ерекшелігі оның созылмалы аурулардағы ориентациясының құндылығы, ( иерархия мотивінің өзгеруі және базалық қажеттіліктің құндылығына байланысты қауіп; денсаулықтың құндылығы мен рухани байлықтың құндылығын түсіну;) т.б



Психикалық және соматикалық өзгерістер байланысыдамның функцияларленген табиғи интегрирлеуші механизм.

Бірақ бұл байланыс патологиялық феноменмен тіркескенде өзіне назар аудартады.




- 1. Психосоматикалық бұзылыс** – биоконституциональді бейімділік пен психосоциальді факторы екуінің әсер етуі нәтижесінде пайда болады.
- 2. Нозогенді бұзылыс** – аурудың психотравмирлеуші факты мен оны салдарына патологиялық тұлғалық реакциялар
- 3. Ятрогенді бұзылыс** – дәрігердің байқамаған ескертуінен және симптомдарды дұрыс интерпретирлеуімен, ауыр ауру жоқтығына сенімді болуымен ерекшеленеді
- 4. Соматогенді бұзылыс** – психикалық бұзылыс, соматикалық аурудың нейротоксикалық әсерінен дамиды.
- 5. Психикалық бұзылыс, соматикалық патологиямен асқынған** (мысалы, алкоголизм, тамақтану тәртібі бұзылуы).
- 6. Соматоформды бұзылыс** – психикалық бұзылыс, соматикалық шағымдармен сипатталады және ешқандай сәйкесінше органикалық бұзылыс байқалмайды.
- 7. Диссоциативті (конверсионды) бұзылыс** – психикалық бұзылыс, қимыл-қозғалыс және сенсорлы функцияның бұзылуымен көрінеді, органикалық бұзылысты имитирлейди бірақ жүйке жүйесі жағынан бұзылыстар дәлелденбейді.



Психосоматикалық зерттеулер науқасты бақылаудан, науқастың уайымы жайлы әңгімелесуден, өмір тарихымен және қоғамдағы орнын анықтаумен басталады.

Бұл әңгіме психотерапиялық емдеумен, бос ассоциация әдісімен терең психоанализдеумен, түс көруін талқылаумен және науқастың өмірге деген көзқарасын анықтаумен жалғасады.

Стандартталған интервью түріндегі диагностикалық әңгімелесу нақты жүйелі анамнестикалық мәлімет алуға мүмкіндік береді. Стандартизацияның басты бағасы болып семантико-лингвистикалық әңгімені анализдеу және нақты ем таңдау болып табылады.





Психосоматикалық ауруларды түсіндіргенде қазіргі заманда психосоматикалық патогенездің көпфакторлығы саналады. Соматикалық және психикалық, тұқымқуалау, қоршаған орта және оны субъективті қайта өңдеу, физиологиялық, психикалық және социальді әсерлер бір-бірімен тығыз байланыста және адам организмзіне әртүрлі әсер береді.

